

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

Үмитбек Өркенбек

«Сериялық өндіріс жағдайында САМ жүйесінде тісті дөңгелектің
механикалық өңдеу технологиясын жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы

_____ Б.С.Арымбеков

« _____ » _____ 2020ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Сериялық өндіріс жағдайында САМ жүйесінде тісті дөңгелектің
механикалық өңдеу технологиясын жобалау»

5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған

Үмітбек Ө.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл.канд-ты

_____ А.Т.Альпеисов

« _____ » _____ 2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

5B071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы

_____ Б.С.Арымбеков

« _____ » _____ 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Үмітбек Өркенбек

Тақырыбы: «Сериялық өндіріс жағдайында САМ жүйесінде тісті дөңгелектің механикалық өңдеу технологиясын жобалау»

Университет ректорының « _____ » 2019ж. № _____ бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «02» маусым 2020ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бұйымның құрастыру сызбасы, тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциялық карталар, тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бұйымның құрастыру технологиясы; б) тісті дөңгелектің механикалық өндеудің технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысының жобалау; г) ұйымдастыру бөлімі.

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

бұйымның құрастыру сызбасы – 1А1; бұйымның жинақтау сызбасы – 1А2; тетіктің жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы – 1А1; технологиялық баптаулар – 2А1; металлкескіш станоктың қондырғысының сызбасы– 1А1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – 1А1.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 20 атау

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	10.01.20ж. – 28.02.20ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	02.03.20ж. – 15.04.20ж.	орындалды
Ұйымдастыру бөлімі	16.04.20ж. – 30.04.20ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	А.Т.Альпеисов, ассоциаланған профессор		

Ғылыми жетекші _____ А.Т.Альпеисов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Ө.Үмітбек

Күні

« ____ » _____ 2020ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста тісті дөңгелекті механикалық өңдеу технологиясын жасадым. Тісті дөңгелекті өңдеу технологиясындағы операцияларға баптаулар сыздым. Сонымен қатар конструкторлық және ұйымдастыру бөлімдеріне мәліметтер беріп есептеу жүргіздім. Берілген дипломдық жобادا тетікті өңдеудің технологиялық процессті жобалаудың жалпы көрінісің қарастырдым. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға және өңдеуге техникалық талаптардың анализі жүргізілді. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталды, таңдау және дайындаманы жасау әдісінің негізделуі жүргізілді. Механикалық учаскедегі негізгі жабдықтардың қажетті мөлшерін есептеуі, жұмыс құрамы және оның санын есептелуі жүзеге асырылды. Сонымен қатар механикалық учаскенің ауданы және жұмыс орындарының саны мен құрастыру цехының құрал-жабдықтарының саны анықталынады.

АННОТАЦИЯ

В этой дипломном проекте составил технологию механической обработки зубчатого колеса. Также в проекте рассмотрены вопросы конструкторской и организационной части проекта. В данном дипломном проекте рассмотрена общая картина проектирования технологического процесса и обработки детали. На основе имеющихся данных проведен анализ технических требований на обработку детали. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, произведен выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Осуществлен расчет потребного количества основного оборудования механического участка, рабочего состава и его численности. Наряду с этим определена площадь механического участка, а также количество рабочих мест и оборудования сборочного участка.

ANNOTATION

In this graduation project, he compiled a technology for machining a gear wheel. He also considered the issues of design and organizational part of the project. In this graduation project, the general picture of the design of the technological process and processing of the part is considered. Based on the available data, an analysis of the technical requirements for processing a part is carried out. Taking into account the given production program, the type of production is determined, and the selection and justification of the method of manufacturing the workpiece are made. The calculation of the required amount of the main equipment of the mechanical section, the working composition and its number. Along with this, the area of the mechanical section was determined, as well as the number of jobs and equipment of the assembly section.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Бастапқы мәліметтер анализі	8
1.2 Технологиялық үрдістің базалық вариантының анализі	10
1.3 Технологиялық үрдісті жетілдіру жолдары	11
1.4 Дайындаманы жобалау және таңдау	12
1.5 Технологиялық операцияларды таңдау	16
1.6 Кесу режимдерін есептеу	19
1.7 Механикалық операциялардағы нормаларды анықтау	22
2 Конструкторлық бөлім	27
2.1 Технологиялық базаны таңдау. Өңдеу жоспары	27
2.2. Бөлшекті өңдеудің технологиялық маршруты	27
2.3 Технологиялық жабдықтауларды таңдау	28
2.4 Кесу инструменттерді таңдау	28
2.5 Қосымша бақылау құрылғысын таңдау және жобалау	29
3 Ұйымдастыру бөлімі	31
3.1 Өндірістік бөлімшені жобалау және есептеу	31
3.2 Механикалық бөлімнің аумағын есептеу	37
Қорытынды	38
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39

КІРІСПЕ

Машина жасау өндірістің негізгі саласы болып табылады. Оның өнімдері - түрлі мақсаттарға арналған машиналар халық шаруашылығының барлық салалары үшін қол жетімді болады. Өндіріс пен халық шаруашылығының өсуі, сондай-ақ олардың жаңа техника, технологиялармен қамтылуы машина жасау саласының даму деңгейіне тәуелді болады.

Машина жасау саласының даму деңгейі көбінесе халық шаруашылығының басқа да салаларының дамуын анықтайды. Өндірістің түрлі салаларында «тісті дөңгелек» типті бөлшектер қолданылады. Машиналар мен механизмдердің техника-экономикалық және пайдалану көрсеткіштеріне қойылатын жоғары талаптарға сәйкес берілген тетіктер жоғары сенімділікке, жөндеуге жарамдылыққа, технологиялық және пайдалану ыңғайлылығына ие болуы тиісті. Көптеген жағдайларда бұл көрсеткіштер тісті дөңгелекті жобалау мен дайындама барысында қамтамасыз етіледі.

Машина жасау саласының негізгі міндеттері берілген сападағы, берілген мөлшердегі және бекітілген мерзімдегі өнімдердің шығуын қамтамасыз ететін бұкіл кешеннің технологиялық жабдықтарын жобалау болып табылады.

Машина жасаудың технологиясы – машинаны шығару процестерінде туатын заңдылықтарды зерттей отыра, сол заңдылықтарды неғұрлым керегінше сапалы, арзан және өнімді машиналар жасауға бағыттайтын ғылым саласы. Машина жасаудағы өндірісті комплексті автоматтандыру үшін арналған машиналар мен қазіргі сенімді де эффективті жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшімен аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Өндірістің технологиялық дайындығы машина мен механизмдер өндірісінің циклындағы басты кезең болып табылады. Өндірістің технологиялық дайындама кезеңдерінің бірі техүрдісті жасаудағы машина бөлшектерін дайындамадан тұрады.

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты машина жасау саласындағы жаңа әзірлемелерді пайдалану өнімнің өзіндік құнын төмендету, өңдеу сапасын жақсарту, өндірістік бөліктерінің мүлдем жаңа үрдісін дамыту болып табылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Бастапқы мәліметтер анализі

Тісті дөңгелекөте көп таралған тетік болып саналады. Тісті дөңгелек машиналардың элементтерінің бірі болып келеді. Машиналардың кез келген түрінде болады. Қолдану орны көп болғандықтан тек машина жасау саласында ғана емес тау-кен, мұнай, және тағы басқа ауыр, жеңіл, ауыл шаруашылығында қолданады. Бұл тетік «тісті дөңгелек» 439А-4268432-01 деп аталады, станоктың беріліс қорабында орналасып тетіктерді бір-бірімен байланыстырады және айналу моментін береді. Тетік жасалынатын материал Болат 40Х МЕСТ 4543-71. Болат 40Х- хромды құрылымды сапалы аз қоспалы болат. Орта өлшемді тетіктерді жасау үшін қолданылады, елеулі динамикалық жүктемелерсіз жұмыс істейді. Кемшілігі – босаңсып сынғыштыққа бейімділігі. 15-20мм тереңдікте шыңдалады.

1.1 кесте – Қызметтік тағайындалуы бойынша бөлшек беттерінің классификациясы

Бет түрі		Бет нөмірі
1.	Орындаушылы	2, 10, 17
2.	Негізгі құрастыру базалары	3, 4, 6, 8, 14
3.	Қосымша құрастыру базалары (ВКБ)	1, 5, 7, 9, 12, 15
4.	Бостары	Қалғандары


Тетікті құрастыру технологиясының анализі. Оның құрылысын жетілдіру арқылы бөлшекті өңдеу құнының ықтимал азайтуды анықтау мақсатында бөлшектің технологиялық анализін жүзеге асырамыз. Бөлшектің технологиялық талаптары:

- а) дайындаманың технологиялылығы
- ә) жалпы бөлшек құрылысының технологиялылығы
- б) базалау мен бекіту технологиялылығы
- в) өңдеу беттерінің технологиялылығы

Берілген бөлшекке қатысты осы талаптардың орындалуын қарастырайық.

Бөлшек - МЕСТ 4543-71 сәйкес ыстықтай көлемдік қалыптау арқылы 40х болаттан жасалған тісті дөңгелек. Сыртқы контур конфигурациясы мен тесік дайындаманы алуда елеулі қиындықтар туғызбайды. Осылайша, дайындаманы технологиялық ретінде қарастыруға болады. Дайындама беттері қызметтік тағайындауларға сәйкес кедір-бұдырлыққа ие. Кедір-бұдырлықтар: Ra 1,25 бетінде: 8; Ra 2,5 бетінде: 4; Ra 3,2 бетінде: 1. Тісті тәждегі 7-С дәлдік дәрежесі 12 бет. Демек, бөлшек бетінің дәлдігі мен кедір-бұдырлығы қатты болып берілсе де, смұндағығыда, станокте нормаға және жоғары дәлдікке жетуге мүмкіндік береді.

Бөлшек конфигурациясы орнату, өңдеу, тасымалдау кезінде механикаландыру мен автоматтандыруды кең пайдалануға мүмкіндік береді. Өңдеу және бақылау орындарына қол жеткізу жолы оңай.



1 Сурет - Беттердің жүйелілігі

Бөлшек құрылымының кемшілігі тістің бұрап шығарғышының болмауы болып табылады. Ол әдетте тісті тазалай өңдеу кезінде құралдың шығуын қамтамасыз етуі үшін жүзеге асырылады. Тістің айналуы тістің беріктігін төмендетіп, нәтижесінде тістің аяғының қалыңдығын азайтады деген тұжырым бар. Бірақ сонымен қатар басқада зерттеулер нәтижесінде тістің аяғы радиусты дөңгелекте концентратор қысымының бірқалыпты таралмауы көрсетілген. Қарама-қарсы тұрған айналу тісінің аяғы берілген қысым концентраторын жоққа шығарып, тістің аяғының бірқалыпсыз таралуын төмендетіп, өздігінен тістің килу беріктігін арттырады. Анализден байқағанымыздай бүкіл конструкцияның бөлшектерін технологиялық деп санауға болады.

Базалау мен бекітудің технологиялылығы беттің тіреулерінің бар-жоқтығымен, технологиялық пен өлшемдік базалардың сәйкестігімен, базалық беттердің нақтылылығы мен кедір-бұдырлығымен, бөлшекті роботтың бекіту мүмкіндігімен сипатталады. Осы талаптарға қарай конструкцияның бөлшектерін сараптай отырып анықтағанымыз, сол жақ тұйықты токарлы өңдеу кезінде база ретінде 8 және 9 жазықтықтарын қолдануға болады.

Сол жақ тұйықты ажарлап өңдеу кезінде 14-інші жазықтықты пайдалануға болады. Оң жақ тұйықты токарлы өңдеу кезінде 1 және 3 жазықтықты пайдалануға болады. Оң жақ тұйықты ажарлап өңдеу кезінде 14-інші жазықтықты пайдалануға болады. Созылыңқы өңдеу кезінде база ретінде 4-інші бетті қолдану керек. Тістерді өңдеу кезінде база ретінде 14-інші жазықтықты қолданады. Осылайша дөңгелек жетегінің бетін өндегенде бір ғана базадан жүргізуге болады. Бөлшектерді бекіту кезінде оның орнату жағдайын сенімді түрде бекіту қамтамасыз етеді. Көптеген қондырғыларда технологиялық база ретінде өлшеу базаларын қолдануға болады.

Базалық жазықтықтар жоғары дәлдікті және кедір-бұдырлығы төмендікке ие болады, ол өз кезегінде пайда болған жазықтықтардың кедір-бұдырлығын және дәлдігін қамтамасыз етеді. Осылайша базалау және бөлшекті бекітуді технологиялық деп санауға болады.

Тісті дөңгелектің түйіндік жазықтығының созылымдығы және саны түйіннің конструкциясымен анықталады, ол бөлшектердің жұмыс істеу жағдайына кіреді. Жазықтықтың дәлдігі барлық түйіндердің жұмысқа қабілеттілік талаптарымен анықталады. Тісті дөңгелектің дұрыс жұмыс істеуі үшін берілген дәлдік оптималды болады, сонымен қатар оның жұмысын көтеру пайдасыз шығындарға әкеледі, ал төмендету оның жұмыс істеу қабілетін азайтады. Сол сияқты жұмыс жазықтығының кедір-бұдырлығының талаптарын солай айтуға болады. Барлық жазықтықтар оларды өңдеу кезінде ешқандай қиындық тудырмайды. Осылайша, тісті дөңгелектің конструкциясы технологиялық болып табылады және оның конструкциясына өзгерту енгізу керек.

1.2 Технологиялық үрдістің базалық вариантының анализі

Анализдің мақсаты – технологиялық үрдістің базалық жетіспеушіліктерін табу (ТҮ), оларды жою ТҮ мақсатына жетуге ықпал етеді.

Технологиялық үрдістің базалық технологиялық маршруты.

Технологиялық үрдістің базалық технологиялық маршрутының анализін операцияның құрамының және оның салдарынан болатын қателіктерді табу үшін жүргіземіз. Базалық маршрут операциясының құрамы және жүргізілу реті 1,4-кестеде келтірілген.

1.2 кесте - Технологиялық үрдістің базалық сипаттамасы

Операция		Техникалық жабдықтау құралдары			Т _{дана} , мин
Операция №	Аталуы	Құрылғы	Қондырғы	Құрал (кескіш бөлік материалы)	
005	Дайындамалау орны				
010	Бастапқы токарлы орын	Винткескіш токарлы 16К20	3жұдырықты патрон	Өтетін кескіш Т5К10 Кесетін кескіш Т5К10 Спиральды тескіш Р6М5 Кесетін қайрақ Т5К10	2,594
015	Соңғы токарлы орын	Винткескіш токарлы 16К20	3жұдырықты патрон	Өтетін кескіш Т15К6 Кесетін кескіш Т15К6 Кесетін қайрақ Т15К6	2,706
020	Фрезерлі	Фрезерлі станок СФ676	Тискілер	Соңғы фреза Р6М5	0,988

025	Бұзғыш	Бұзғыш станок 7A420	Белгіш басы бар тискілер	Канавалық кескіш P6M5	1,227
030	Тістіфрезерлі	Тістіфрезерлі станок 53A10	Арнайы қондырғы	Шервакты фреза P6M5	1,478
035	Слесірлеу бөлмесі			Ажарлау, егеу	0,468
040	Жуатын орын	КММ			0,166
045	Бақылау орны	Бақылау үстелі			
050	Термиялық орын	Термопеш			
055	Тістіажарлау орны	Тістіажарлау станогы 5851	Цангалы патрон	Ажарлау дөңгелегі	3,445
060	Ажарлау дөңгелегі	Ажарлау дөңгелекті станок 3M151	Цангалы патрон	Ажарлау дөңгелегі	1,179
065	Ішкі ажарлау	Шеткіішкіажарлау станок 3K227B	Цангалы патрон	Ажарлау дөңгелегі	1,487
070	Жуатын орын	КММ			0,166
075	Бақылау орны	Бақылау үстелі			

1.3 Технологиялық үрдісті жетілдіру жолдары

Тісті дөңгелектің өндеудегі ТҮ зауыттық анализі көрсеткендей базалық технологиялық үрдіс тек қана бір реттік және майда сериялы өндіріске ғана жарайды. Қолданылатын құрылғы орта сериялық өндіріс жағдайларында жеткілікті өнімді емес.

Дипломдық жоба және өндірістік практика кезінде дайындалған технологиялық үрдістің базалық анализі бірқатар жетіспеушіліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Яғни тісті дөңгелектің өнімділігін азайтып, оның өзіндік құнының төмендеуіне әкеліп соқты.

Технологиялық үрдістің базалық негізгі кемшіліктерін көрсетейік:

1. Токарлы операциялардағы кескіндердің өте төмен төзімділігі, ол дайындау кезіндегі әдіп және өңдеу кезіндегі үлкен кенермемен түсіндіріледі, өйткені дайындау ретінде илем қолданылған.

2. Үлкен әдіп салдарынан токарлы операцияларда көп уақыт кетеді, кесудің оптималсыз режімі және әмбебап құралды қолдану.

3. Әмбебап төмен өндірімді станоктар –құрылғы оптималды таңдалмаған.

4. Операцияларға көп уақыт кетеді, өйткені қолмен қысатын жабдық қолданылған

5. Тісті фрезерлі операцияда тістің аяғында айналдыру жасалынбайды, бірақ шевиноговальды операциядан кейін айналмалы тіске қарағанда тістің бекемділігі төмендейді.

6. Көп уақыт слесарьлы операцияға жұмсалады, өйткені мұндағығы қылауларды алу жүзеге асып барлық контур бойында бөлшектер қолмен жұмыс жасайды.

Технологиялық үрдісті жетілдіру жолдары.

Базалық технологиялық үрдістің берілген кемшіліктерін ескере отырып, дипломдық жобаның мақсатын және оны ТҮ жетілдіру жолдарын ойластырамыз:

- әдіпті өңдеуді жетілдірілген әдіспен есептеу және алынған штамптаумен дайындауды жобалау;
- сериялы өндіріс жағдайы үшін оптимальды жоғары өнімді станокты қолдану, негізінде СБУ немесе жартылай автоматтар;
- арнайы немесе мамандандырылған өнімді жабдықты қолдану;
- тісті фрезерлі операцияда үш кірмелі шервакты құрама протурбинациялы фрезерді қолдану. Оны қолдану тістің бекемділігін жоғарылатып тістерді өңдеудегі дәлдікті көтереді;
- тісті сырғыту шевенгавальдық ауыстыру, термоөңдеуден кейін тістің дәлдігін жоғарылатып, кедір-бұдырлығын және шу сипаттамасын сонымен қатар құралдарға кеткен шығынын төмендетеді;
- қолмен жасалатын слесарьлы операцияның орнына электрохимиялық әдісті қолдану кететін уақытты едәуір төмендетеді;
- лимиттік операциялардың өнімділігін жоғарылату және құралдың төзімділігі, осы мақсатта ғылыми және потенттік зерттеулер техникалық шығармашылық әдістерін қолдану арқылы жүргізілді;
- қауіпті және зиянды факторлардың пайда болуы тұрғысынан қарағанда ТҮ-ні анализдеу, олардың әрекетінен және олардан қорғап жою әдістерін қолдану;
- технологиялық үрдіске енгізілген өзгертулердің экономикалық әсерлілігін анықтау.

Әртүрлі өндірістер коэффициентін бекіту операцияларының әртүрлі шамаларына қарай анықталады. Оны есептеу үшін бөлшекті дайындауға кететін жұмыс мөлшерін білу қажет, сонымен қатар өңдеу тізбектілігі және станоктар саны. Өндірістің түрін бөлшектің массасына және шығару бағдарламасына қарай анықтаймыз. Бөлшек массасы 5,4 кг болған кезде және шығару бағдарламасының жылдығы $N_j = 4000$ дана өнімділігі орта сериялы.

1.4 Дайындаманы жобалау және таңдау

Осы дайындама бөлшегі үшін соғу қызмет ете алады, яғни қисық шипті ыстық Штамптау пресінде ыстық көлемді Штамптау әдісімен алынған және илеу(КГШП). Штампты дайындаманы жобалау және есептеу.

Дайындама құны мына формула бойынша анықталады:

$$S_{\text{заг}} = \frac{C_i}{1000} \cdot (m_3 \cdot k_T \cdot k_c \cdot k_B \cdot k_M \cdot k_{II}) - (m_3 - m_d) \cdot S_{\text{отх}}/1000 \quad (1.1)$$

мұндағы C_i - 1 тонна базалық құны дайындама 270 000 теңге, $C_i = 270$ теңге;

m_3 - дайындама массасы, кг

m_d - бөлшек массасы, кг

K_T – Штамптаудың қалыпты дәлдігі үшін дәлдік коэффициенті [2,б.37]

$K_T = 1.0$

K_c - болат үшін 3 дәрежелі топтың ауырлық коэффициенті [2, б. 38]

$K_c = 1.0$

K_B - салмақ коэффициенті

$K_B = 1.14$ [2, б. 38]

K_M – материал маркасының коэффициенті

$K_M = 1.21$ [2, б. 37]

K_{II} – бағдарлама коэффициенті

$K_{II} = 1,0$

$S_{\text{отх}}$ - қалдық құны, теңге.

С3 қиындық дәрежесі. Т3 соғуды дайындау дәлдігі. Болат тобы - М1.


Номиналды өлшемдегі бөлшектердің әдіптер массасына ,дәлдік класына, болаттың группасы, қиындық дәрежесіне және дайындаманың кедір-бұдырлығына тәуелді(МЕСТ 7505-89).

Көлемін анықтау үшін дайындаманы элементті бөлшектерге бөлеміз, яғни радиустармен фаскалармен, штампты еңістерге.

Дайындама көлемі:

$$V_{II} = \sum_{i=1}^n V_i, \quad (1.2)$$

мұндағы V_i -і дайындама элементінің көлемі.



1.2 Сурет – Дайындама сұлбасы

Дайындаманың цилиндрлік элементтері:

$$V = \pi \cdot d^2 \cdot l / 4, \quad (1.3)$$

мұндағы D - диаметр, мм

l - ұзындық, мм.

V , мм³ Штамптаудың көлемі болады.

$V = 1060399,42$ мм³ (Компас- 3D V12 жүйесінде саналған)

m_3 - дайындаманың массасы, кг

$$m_3 = V \cdot \gamma, \quad (1.4)$$

мұндағы V - көлем, мм³

γ - болат тығыздығы, кг / мм³

(Компас-3D V12 жүйесінде саналған) $m_3 = 1060399,42 \cdot 7,85 \cdot 10^{-6} = 8,3$ кг

Штапмталған дайындамада қолданылған дайындаманың коэффициенті

$MKK = m_d / m_3 = 5,4 / 8,3 = 0,65$

Штамптаудың құны

$S_{заг} = 270 / 1000 \cdot (8,3 \cdot 1,0 \cdot 1,0 \cdot 1,14 \cdot 1,21 \cdot 1,0) - (8,3 - 5,4) \cdot 14 / 1000 = 3,038$ теңге.

Коэффициентті есептегенді дайындама Штампының құны

$$S_{заг ш} = S_{заг} \cdot K = 3,038 \cdot 100 = 303,8 \text{ теңге.}$$

Илеуден алынған дайындаманың жобасы

Илемнен алынған дайындама

Илемнен алынған дайындаманың максималды диаметрін табамыз.

Тісті дөңгелектің ең үлкен диаметрі үшін әдіпті аламыз.

Бастапқы әдіпті қайрау өңдеуі 5,5 мм құрайды, ал соңғысында 2,0 мм болады.

$$D = 176 + 2 + 5,5 = 183,5 \text{ мм}$$

Дайындаманың есептеулеріне сәйкес, керекті өлшемді ыстық жаймалау илемінің дәлдігі үшін МЕСТ 2590-71 таңдаймыз.

Дөңгелек $\frac{180-B-MECT 2590-71}{40X-MECT-4543-71}$

Шеткі жазықтықты әдіп үшін кесу былай анықталады [5]

Әдіпті бастапқы шеткі кесу 5 мм, ал соңғысы 2 мм.

Дайындаманың жалпы ұзындығы $L_3 = 96 + 5 + 2 = 103$ мм

Дайындаманың көлемін оң шамамен анықтаймыз. ($\emptyset 105,8_{-1,0}^{+1,8}$).

$V = \pi \cdot d^2 \cdot l / 4 = 2797999,90$ мм³ (Компас- 3D V12 жүйесінде саналған)

$$m_3 = V \cdot \rho = 2797999,90 \cdot 7,85 \cdot 10^{-6} = 21,8 \text{ кг}$$

Материал қолдану коэффициентін келесі формуламен анықтаймыз:

$$MKK = 5,4 / 21,8 = 0,24$$

Илемнен алынған дайындама құны

$$S_{\text{заг п}} = \frac{c_i}{1000} \cdot m_3 - (m_{3.п.} - m_d) \cdot (S_{\text{отх}}/1000) \quad (1.5)$$

$$S_{\text{заг п}} = 215/1000 \cdot 21,8 - (21,8 - 5,4) \cdot (61,7/1000) = 3,675 \text{ теңге.}$$

$$S_{\text{заг п}} = S_{\text{заг}} \cdot K = 3,675 \cdot 100 = 367,5 \text{ теңге.}$$

1.3 кесте - Дайындаманы есептеудің нәтижелері

Көрсеткіштер	Штапмттау	Илем
Ауырлық дәрежесі	С3	С3
Дәлдік класы	Т3	Т2
Болат группасы	М1	М1
Масса, кг	8,3	21,8
МҚК	0,65	0,24
Дайындама құны, теңге.	303,8	367,5

Екі түрлі дайындаманың экономикалық салыстырылуы
Механикалық өндеудің ауыспалы шығыны

$$C_{\text{обр}} = C_{\text{уд}} \cdot (m_3 - m_d) / K_0 \quad (1.6)$$

мұндағығы $C_{\text{уд}}=261$ кг– жоңқаны өндеуге кететін меншікті шығынды алу

$K_0=1,0$ – өңделетін материал коэффициенті [3]

Штапмттау үшін

$$C_{\text{обр}} = 26 \cdot (8,3 - 5,4) / 1,0 = 75,4 \text{ теңге.}$$

Илемдеу үшін

$$C_{\text{обр}} = 26 \cdot (21,8 - 5,4) / 1,0 = 426,4 \text{ теңге болды.}$$

Сонда механикалық өндеу үшін және дайындаманы алуға кеткен шығынның ауыспалы бөлігінің көлемі келесі формуламен анықталады:

$$C = S_{\text{заг}} + C_{\text{обр}} \quad (1.7)$$

Штапмттау үшін

$$C_{\text{дана}} = 303,8 + 75,4 = 379,2 \text{ теңге болды.}$$

Илемдеу үшін

$$C_{\text{пр}} = 367,5 + 426,4 = 793,9 \text{ теңге}$$

Технологиялық өзіндік құнына сәйкес қарастырылған варианттарға сәйкес, штапмттаудан алынған дайындама әдісі дұрыс екенін түсіндік.

Жылдық экономикалық әсері, теңге.

$$\mathcal{E}_r = (C_{\text{пр}} - C_{\text{дана}}) \cdot N_r \quad (1.8)$$

мұндағы $N_r = 4000$ дана/жыл – шығарылымның жылдық бағдарламасы

$$\mathcal{E}_r = (793,9 - 379,2) \cdot 4000 = 1658800 \text{ теңге}$$

1.5 Технологиялық операцияларды таңдау

Аралық әдіптер және операциялық өлшемдерді есептеу. Аралық әдіптерді аналитикалық әдіспен есептеу

Аса жоғары дәлдікті жазықтықты әдіптерін есептейміз $95\text{K}7_{-0,030}^{+0,038}$

Берілген жазықтықтың, құрылғының, құралдың тізбекті өңделуі

1.4 кестеде көрсетілген.

1.4 кесте – Жазықтықтың, құрылғының, құралдың тізбекті өңделуі

№	Жазықтықты өңдеудің әдістері	Операция коды	Құрылғы	Дайындаманы орнату
1.	Бастапқы ұштау	010	16К20Ф3	Үш құлақшалы патронда
2.	Соңғы ұштау	020	16К20Ф3	Үш құлақшалы патронда
3.	Бастапқы ажарлау	030	3Б153Т	Цангалы патронда
4.	Соңғы ажарлау	035	3Б153Т	Мембранды патронда

Әдіптің элементі Rz тегіс емес шамасы және h ақаулы қабатының тереңдігін таңдаймыз [2] және [5].

ρ_0 және $\varepsilon_{уст}$ әдіп элементін анықтаймыз.

Штампты дайындаманың соммалық қателігі:

$$\rho_0 = \sqrt{\rho_{см}^2 + \rho_{кор}^2 + \rho_{ц}^2} \quad (1.9)$$

мұндағы $\rho_{см} = 0,6$ мм штампты бөлгендегі ауысу қателігі.

Шалыстау қателігі

$$\rho_{кор} = \Delta_k \cdot L = 1,0 \cdot 99 = 99 \text{ мкм}$$

мұндағы L – дайындама ұзындығы.

Ортада орналасқан дайындаманың ауытқу шамасы

$$\rho_{ц} = 0,25\sqrt{\delta_3^2 + 1} \quad (1.10)$$

мұндағы δ_3 – бірінші операцияда база ретінде қолданылған жазықтық шамасы. (2,5 мм):

$$\rho_{ц} = 0,25\sqrt{2,5^2 + 1} = 0,673 \text{ мм}$$

Соммалық ауытқудың орналастырылуы:

$$\rho_0 = \sqrt{0,6^2 + 0,099^2 + 0,673^2} = 0,907 \text{ мм}$$

$\varepsilon_{уст}=270$ мкм жұдырықты патронды бастапқы ұданааудағы базалық дайындаманы орнату кезіндегі кететін қателік. $\varepsilon_{уст}=100$ мкм соңғы ұданаау кезіндегі, цангты патронды орнату кезіндегі соңғы өңдеудегі қалдық соммалық дайындаманың орналасуы бастапқы өңдеу кезінде $\varepsilon_{уст}=40$ мкм, ал мембралыда $\varepsilon_{уст}=20$ мкм.

$$\rho_{ост} = K_y \cdot \rho_{заг} \quad (1.11)$$

мұндағы K_y – нақтылау коэффициенті

Әрекеті үшін 2 $K_y=0,06$

Әрекеті үшін 3 $K_y=0,04$

Әрекеті үшін 4 $K_y=0,02$

Әрекеті үшін 5 $K_y=0,01$

сонда

$$\rho_2 = \rho_{заг} \cdot K_{y2} = 907 \cdot 0,06 = 54 \text{ мкм}$$

$$\rho_3 = \rho_{заг} \cdot K_{y3} = 907 \cdot 0,04 = 36 \text{ мкм}$$

$$\rho_4 = \rho_{заг} \cdot K_{y4} = 907 \cdot 0,02 = 18 \text{ мкм}$$

$$\rho_5 = \rho_{заг} \cdot K_{y5} = 907 \cdot 0,01 = 9 \text{ мкм}$$

Соңғы өңдеудегі минимальды әдіп

$$2Z_{min} = 2 \cdot (Rz_{i-1} + T_{i-1} + \sqrt{\rho_{i-1}^2 + \varepsilon_{уст}^2}) \quad (1.12)$$

$$2Z_{min} \text{ бастапқы токарлы} = 2 \cdot (160 + 200 + \sqrt{907^2 + 270^2}) = 2612 \text{ мкм}$$

$$2Z_{min} \text{ соңғы токарлы} = 2 \cdot (50 + 50 + \sqrt{54^2 + 100^2}) = 427 \text{ мкм}$$

$$2Z_{min} \text{ бастапқы ажарлау} = 2 \cdot (25 + 25 + \sqrt{36^2 + 40^2}) = 207 \text{ мкм}$$

$$2Z_{min} \text{ соңғы ажарлау} = 2 \cdot (10 + 20 + \sqrt{18^2 + 20^2}) = 113 \text{ мкм}$$

Өңделетін жазықтықтар бойынша аралық есептеу өлшемдері

$$d^{i-1} \min = d^i \min + 2Z_{min}, \text{ мм} \quad (1.13)$$

$$d \min \text{ соңғы ажарлау} = 94,97 \text{ мм}$$

$$d \min \text{ бастапқы ажарлау} = 94,97 + 0,113 = 95,083 \text{ мм}$$

$$d \min \text{ соңғы токарлы} = 95,083 + 0,207 = 95,29 \text{ мм}$$

$$d \min \text{ бастапқы токарлы} = 95,29 + 0,427 = 95,717 \text{ мм}$$

$$d \min \text{ дайындама} = 95,717 + 2,612 = 98,329 \text{ мм}$$

$$d^{i-1} \max = d^i \min + Td^i, \text{ мм}$$

$$d \max \text{ соңғы ажарлау} = 94,97 + 0,016 = 94,986 \text{ мм}$$

$$d \max \text{ бастапқы ажарлау} = 95,083 + 0,025 = 95,108 \text{ мм}$$

d_{\max} соңғы токарлы= 95,29+0,10=95,39 мм
 d_{\max} бастапқы токарлы= 95,717+0,39=96,107 мм
 d_{\max} заготовок=98,329+2,5=100,829 мм
 Максимальды әдіптер

$$2Z_{\max} = d^{i-1}_{\max} - d^i_{\min}, \text{мм} \quad (1.14)$$

$2Z_{\max}$ соңғы ажарлау= 95,108-94,97=0,138 мм
 $2Z_{\max}$ бастапқы ажарлау= 95,39-95,083=0,307 мм
 $2Z_{\max}$ соңғы токарлы= 96,107-95,29=0,817 мм
 $2Z_{\max}$ бастапқы токарлы= 100,829-95,717=5,112 мм

Минимальды әдіптер

$$2Z_{\min} = d^{i-1}_{\min} - d^i_{\max}, \text{мм} \quad (1.15)$$

$2Z_{\min}$ соңғы ажарлау= 95,083-94,986=0,097 мм
 $2Z_{\min}$ бастапқы ажарлау= 95,29-95,108=0,182 мм
 $2Z_{\min}$ соңғы токарлы= 95,717-95,39=0,327 мм
 $2Z_{\min}$ бастапқы токарлы= 98,329-96,107=2,222 мм

Шақтаманың бастапқы көрсеткіштері, әдіп элементтері және әдіптің есептеулері 1.5 кестеде келтірілген.

d_{\min} дайындаманың - 98,329 мм
 d_{\max} дайындаманың - 100,829 мм

1.5 кесте – Әдіп есептеулері

№	Технологиялық ауысым	Әдіп элементтері				$2Z_{\min}$ МКМ	d^i_{\min} мм	Шекті өлшемдер, мм		Шекті әдіптер, мм	
		Rz^i	T^{i-1}	ρ^{i-1}	$\varepsilon_{уст}^{i-1}$			d^i_{\min}	d^i_{\max}	$2Z_{\max}$	$2z_{\min}$
1	Штамптау	16 0	200	907	-	-	8,329	8,329	00,82 9	-	-
2	Бастапқы ұштау	50	50	54	270	261 2	95,71 7	5,717	96,10 7	5,112	2,22 2
3	Соңғы ұштау	25	25	36	100	427	95,29	95,29	95,39	0,817	0,32 7
4	Бастапқы ажарлау	10	20	18	40	207	95,08 3	95,08 3	95,10 8	0,307	0,18 2
5	Соңғы ажарлау	5	15	9	20	113	94,97	94,97	0,138	0,138	0,09 7

Жазықтықтарды өңдеудегі аралық әдіпті кестелік әдіспен анықтау келесі түрде болады. Егер бір рет өңделсе, онда әдіпті дайындама бөлшегінен алу арқылы анықтаймыз. Егер жазықтықты бірнеше қайтара өндесе жалпы әдіптен дәл бір рет өңделгендегі сияқты аралық әдіпті анықтаймыз. [11].

Кестелік әдіспен әдіпті анықтау 1.6 - кестеде келтірілген.

1.6 кесте – Тісті дөңгелек беттерін өңдеудегі әдіптер

Операция №	Операция аталуы	Өңделетін жазықтық №	Жаққа қарай әдіп, мм
010	Бастапқы токарлы	4, 8, 9, 13, 14	1,6
015	Бастапқы токарлы	1, 3, 11, 18	2,0
020	Бастапқы токарлы	4, 8, 9, 13, 14	0,4
025	Бастапқы токарлы	1, 3, 11, 18	0,5
030	Бастапқы шеткі дөңгелектеп ажарлау	4, 8, 13	0,13
035	Соңғы шеткі дөңгелектеп ажарлау	4, 8, 13	0,07

1.6 Кесу режимдерін есептеу

Бастапқы шеткі дөңгелектеп ажарлау 035 операциясы кезіндегі кесу режимдерін есептеу

Бастапқы мәліметтер

Бұйым – тісті дөңгелек

Материал – Болат 40X $\delta_b = 785$ МПа

Дайындама – Штамптау

Өңдеу – шеткі дөңгелектеп ажарлау

Өндіріс типі– ортасериялы

Құрылғы – Мембранды патрон

Дайындаманы бекіту – түпбетке тірелген сыртқы бет жазықтығы бойынша

Бөлшекті ауыстыру– тұтқалы

Станок қаттылығы– орташа

Операция құрылымы (ауысым тізбегі)

Соңғы шеткі дөңгелектеп ажарлау 035 операциясы

Диаметрі $\varnothing 95_{k7}$ өлшемді ұстай отырып, бетті ажарлау

Кескіш құралдарды таңдау

ЗП 600x25x205 91A25HC17K11 ГОСТ 2424-83 ажарлау дөңгелегін қабылдаймыз.

Өңдеу режимдерін есептеу элементтері

Кесу тереңдігі: $t=0,07$ мм

Дөңгелектің көлденең берілісі: S_m , мм/мин

Алдын ала өңдеу:

$$S_{m\text{ пр}} = S_{m\text{ пр}} \cdot K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \quad (1.16)$$

Ақырғы өңдеу:

$$S_{\text{м ок}} = S_{\text{м пр}} \cdot K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \quad (1.17)$$

мұндағы $S_{\text{м пр}}$, $S_{\text{м ок}}$ – кесте бойынша минуттық берілістер, мм/мин;

K_1 – өңделетін материал мен дөңгелек жылдамдығына тәуелді коэффициент;

K_2 – әдіп пен дәлдікке байланысты коэффициент;

K_3 – дөңгелек диаметріне, айналым санына және беттің сипаттамасына тәуелді коэффициент.

$$S_{\text{м пр}} = 2,0 \cdot 1,0 \cdot 0,55 \cdot 1,0 = 1,1 \text{ мм/мин}$$

$$S_{\text{м ок}} = 0,65 \cdot 1,0 \cdot 0,55 \cdot 1,0 = 0,35 \text{ мм/мин}$$

Дөңгелек жылдамдығы, м/с

$$V=35 \text{ м/с}$$

Бөлшектің айналым жылдамдығы, м/мин

$$V_3=35 \text{ м/мин}$$

Айналдырықтың айналу жиілігі n , мин⁻¹

$$n_3 = \frac{1000 \cdot V_3}{\pi \cdot d} = \frac{1000 \cdot 35}{3,14 \cdot 95} = 117 \text{ айн/мин}$$

Станоктың паспорттық көрсеткіштеріне сай кесу режимдерін түзету, ажарлау станогында сатысыз реттеу қолданылатындықтан, айналдырықтың нақтылы айналу жиілігін $n_3 = 117$ айн/мин деп қабылдаймыз.

Ажарлау дөңгелегі айналдырығының айналу жиілігі $n_{\text{ш}}$, айн/мин

$$n_{\text{ш}} = \frac{1000 \cdot 35 \cdot 60}{3,14 \cdot 600} = 1115 \text{ айн/мин}$$

Кесу қуаты

$$N = C_n \cdot v^r \cdot s^y \cdot d^q \cdot b^z \quad (1.18)$$

мұндағы C_n - түзету коэффициент (0,14) [11]

r, y, q, z – дәреже көрсеткіштері $r=0,8, y=0,8, q=0,2, z=1$ [11]

s – радиалды беріліс, м/мин

d – өңделетін диаметр

b – ажарлау ені

$$N = 0,14 \cdot 35^{0,8} \cdot 0,005^{0,8} \cdot 95^{0,2} \cdot 72^1 = 2,6 \text{ кВт}$$

Кесу күші

$$P_z = \frac{N \cdot 1020 \cdot 60}{v} = \frac{2,6 \cdot 1020 \cdot 60}{35} = 4546 \text{ Н}$$

Тістіфрезалыда 045 операциясындағы кесу режимдерін есептеу

Бастапқы мәліметтер

Бөлшек – тісті дөңгелек

Материал – болат 40X $\delta_B = 785$ МПа
 Дайындама – Штамптау
 Өндіріс типі– ортасериялы
 Құрылғы – оправка с базированием по внутреннему отверстию
 Бөлшекті ауыстыру– тұтқалы
 Станок қаттылығы– орташа
 Операция құрылымы (ауысым тізбегі)
 Тістіфрезалы 045 операция
 Келесі өлшемдерді $\Phi 176$, $m=4$, $z=42$ ұстай отырып, тістерді келесі әдіптерге фрезерлеу.
 Кескіш құралдарды таңдау
 Червякты модульды құрастырмалы Р6М5К5 $\Phi 264$ мм, $m=4$ болатты төрткілдеші бар фреза.
 Кесу режимдерін есептеу
 Кесу тереңдігі t , мм
 Тістерді кесу кезіндегі бір рет кесу тереңдігі кесетін дөңгелектің тісінің биіктігіне тең : $t=h=12 \cdot 4=48$
 Кесілетін тісті дөңгелектің бір айналымындағы берілгенін анықтаймыз:

$$S_0 = S_{0\text{табл}} \cdot K_1 \cdot K_2 \quad (1.19)$$

мұндағы $S_{0\text{табл}}$ – кесте бойынша берілісті анықтаймыз, 3,5 мм/об [1]

K_1 – өңделетін материалға тәуелді коэффициент

K_2 – тістердің еңісіне тәуелді коэффициент

Сонда $S_0 = 3,5 \cdot 1,0 \cdot 1,0 = 3,5$ мм/об

Станок бойынша берілісті түзейміз: $S_0 = 3,4$ мм/об [13]

Фрездің беріктің кезеңін тағайындаймыз [1].

$m=4$ мм бастапқы шервякты фреза модулі үшін дайындаманы өңдеу кезінде болатты қолдану үшін $T=270$ мин дұрыс болады.

1.7 кесте– Кесу режимінің қорытынды кестесі

Операция №	Операция аталуы	Өңделетін Φ , мм	t , мм	S , мм/об	$V_{\text{таб}}$, мин	$n_{\text{таб}}$, айн/мин	$n_{\text{пр}}$, айн/мин	$V_{\text{пр}}$, м/мин
010	Бастапқы токарлы	99,4	1,6	0,5	100	320	300	94,75
		58,4	1,4	0,5	105	572	550	100,9
015	Бастапқы токарлы	181	2,0	0,5	105	184	200	114,1
020	Соңғы токарлы	96,2	0,4	0,25	160	529	550	166,3
		61,2	0,4	0,25	160	832	850	163,4
025	Соңғы токарлы	177	0,5	0,25	160	287	300	167,2
030	Бастапқы ажарлау	95,4	0,13	1,3x0,4	35	116	116	35

035	Соңғы ажарлау	95,14	0,07	0,4x0,1 2	35	117	117	35
040	Фрезерлі	16	6	0,06	22	437	450	22,6
045	Тістіфрезерлі	176	11,7	3,4	78	94	90	76,4
050	Созылмалы	62x73	0,15x5, 5	-	12	-	12	-
070	Тістіприкатты	176	0,2	0,06	90	114	100	78,5
080	Тістіажарлау	176	0,1	0,05	45	225	200	40

Фрезаның рұқсат етілген кесу қасиетіне байланысты кесу жылдамдығын анықтаймыз:

$$V_{и} = V_{табл} \cdot K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \quad (1.20)$$

мұндағы $V_{табл}$ – кесте бойынша кестелік жылдамдық, мм/об [1]

K_1 - өңделетін материалға тәуелді коэффициент

K_2 – өту санына тәуелді коэффициент

K_3 – фрезаның кесу бөлігінің материалын анықтайтын коэффициент

